

**Шемонаиха ауданының Лосиха өзені тоғанының және Лосиха өзенінің су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуін және оларды шаруашылыққа пайдалану режимін белгілеу туралы**

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2014 жылғы 07 сәуірдегі N 88 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 06 мамырда N 3294 болып тіркелді

**РҚАО ескертпесі.**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 39, 116, 125, 145-1-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 27-бабы 1-тармағының 8-1) тармақшасына, "Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха ауданының Лосиха өзені тоғанының су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуінің шекараларын анықтау" жобасына сәйкес және жер үсті суларының ластануын, қоқысталуын және сарқылуын болғызыбау, сондай-ақ өсімдіктер мен жануарлар әлемін сақтау үшін су объектілерін тиісті санитарлық-гигиеналық және экологиялық талаптарға сәйкес жағдайда ұстау мақсатында, Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 22.12.2016 № 392 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

1. Мыналар белгіленсін:

1) осы қаулыға қосымшаға сәйкес Шемонаиха ауданының Лосиха өзені тоғанының және Лосиха өзенінің су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуі;

2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Шемонаиха ауданының Лосиха өзені тоғанының және Лосиха өзенінің су қорғау аймағының аумағында арнайы шаруашылыққа пайдалану режимі мен су қорғау белдеуінің аумағында шектеулі шаруашылық қызмет жүргізу режимі.

2. Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы (Қ.Б. Байғонысов) "Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха ауданының Лосиха өзені тоғанының су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуінің шекараларын анықтау" жобасын заңнамамен белгіленген құзыретіне сәйкес шаралар қабылдау үшін Шемонаиха ауданының әкіміне және мемлекеттік жер кадастрында есепке алу және су қоры мен жер ресурстарының пайдаланылуы мен қорғалуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру үшін арнайы уәкілеттік берілген мемлекеттік органдарға тапсырын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Н.Ә. Шерубаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қоршаган орта және су ресурстары министрлігі

Су ресурстары жөніндегі комитетінің

Су ресурстарын пайдалануды реттеу

және қорғау жөніндегі Ертіс бассейндік

инспекциясы басшысының

міндетін атқарушы

B. Сапарбаев

M. Мұздыбаев

2014 жылғы "07" 04

Қазақстан Республикасы Тұтынушылардың

құқықтарын қорғау агенттігінің

Шығыс Қазақстан облысы тұтынушылардың

құқықтарын қорғау департаменті

басшысының міндетін атқарушы

F. Сулайменов

2014 жылғы "08" 04

Шығыс Қазақстан облысы  
әкімдігінің 2014 жылғы

"7" сәуірдегі

№ 88 қаулысына қосымша

## Шемонаиха ауданының Лосиха өзені тоганының және Лосиха өзенінің су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуі

№ р/с	Су объектісі, оның участкесі	Су қорғау аймағы			Соның ішінде су қорғау белдеуі		
		Шекарасының ұзындығы, шакырым)	( , (га))	Орташа ені, ( метр)	Шекарасының ұзындығы, шакырым)	( , (га))	Орташа ені, ( метр)
1	Лосиха өзені тоганы	3	172,82	500	4,2	14,7	35
2	Глубокое ауданының шекарасынан бастап тоганга дейінгі Лосиха өзені	2,25	300	500-1000	4,45	22,5	75-175

### Ескертпе.

Су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуінің шекаралары мен ені "Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха ауданының Лосиха өзені тоганының су қорғау аймағы мен белдеуінің шекараларын анықтау" бекітілген жобасының картографиялық материалдарында көрсетілген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК